

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Озерный ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидасын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 2014 жылғы 28 ақпандағы N 25/10 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 3 сәуірде N 2648 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2022 жылғы 18 ақпандағы № 12/2 шешімімен

*Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2022 жылғы 18 ақпандағы № 12/2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.*

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантарындағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3 бабы 6 тармағына және "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу" үлгі қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес, Жамбыл аудандық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Озерный ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасы бекітілсін.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Озерный ауылдық округінде қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасы және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл  
аудандық мәслихаттың  
кезектен тыс  
XXV сессиясының төрағасы  
А. Сұрағанов

Жамбыл  
аудандық мәслихаттың  
хатшысы  
Б. Мұсабаев

**Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Озерный ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары екілдерінің сандық күрамы**

Елді мекеннің атауы	Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Озерный ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысатын ауыл тұрғындары екілдерінің саны
Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Озерный ауылдық округінің Озерное ауылының тұрғындарына	8
Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Озерный ауылдық округінің Ақбалақ ауылының тұрғындарына	1
Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Озерный ауылдық округінің Баумана ауылының тұрғындарына	3
Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Озерный ауылдық округінің Қарақамыс ауылының тұрғындарына	2

Жамбыл ауданы мәслихатының  
2014 жылғы 28 ақпандығы № 25/10  
шешімімен  
бекітілген

**Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Озерный ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің қағидасы**

**1. Жалпы ережелер**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Озерный ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің қағидасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасының Заны 39-3-бабының 6 тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 18 қазандығы № 1106 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес әзірленді және Озерный ауылдық округі тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің үлгі тәртібін белгілейді.

2. Озерный ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындары (бұдан әрі - бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін екілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

## **2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі**

3. Бөлек жиын Жамбыл ауданының Озерный ауылдық округтің әкімі шақырады. Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Жамбыл ауданының Озерный ауылдық округінде бөлек жиынды өткізуіді Жамбыл ауданының Озерный ауылдық округтің әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды Озерный ауылдық округінің ашудың алдында тиісті ауылдың қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды Озерный ауылдық округінің әкімімен немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Озерный ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Озерный ауылдық округі ауылдары өкілдерінің кандидатураларын Жамбыл ауданы мәслихатының бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және Озерный ауылдық округі әкімінің аппаратына беріледі.